

Павлодар облысы білім беру басқармасының
Ақсу қаласы білім беру бөлімінің
«Айналайын» сәбилер бақшасы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
2024–2027 оқу жылдарындағы өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша
ҚОРЫТЫНДЫ

Ақсу қаласы

Мазмұны:

Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

1. Білім беру қызметін жүзеге асыруға құқық беретін құрылтай және рұқсат беру құжаттарының болуы және олардың талаптарға сәйкестігі. Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері.
2. Білім беру ұйымы басшысының педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкестігі.
3. Мектепке дейінгі ұйым түрінің білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасына сәйкестігі.
4. Білім беру ұйымы бекіткен жұмыс жоспарларының және алқалы басқару органдары (педагогикалық, қамқоршылық, әдістемелік кеңестер мен педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес) отырыстары хаттамаларының болуы.

Қадрлық құрам

1. Тиісті бейін бойынша педагогикалық білімі немесе педагогикалық даярлығын растайтын құжаты бар педагогтер туралы мәліметтер.
2. Біліктілік санатының деңгейін кемінде бес жылда бір рет арттырған/растаған педагогтер туралы мәліметтер (оның ішінде басшылар – кемінде үш жылда бір рет). Педагогтерді аттестаттау.
3. Заннама талаптарына сәйкес педагогтердің тиісті бейін бойынша біліктілігін кемінде үш жылда бір рет арттыруды қамтамасыз ету (оның ішінде басшылар мен басшы орынбасарлары).

Тәрбиеленушілер контингенті

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 тамызда № 29329 болып тіркелген) (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) сәйкес балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру талаптарының сақталуы.
2. Үлгілік қағидаларға сәйкес бір жастағы және әртүрлі жастағы балалар қағидаты бойынша жас топтарының толықтырылуына қойылатын талаптардың сақталуы.
3. Үлгілік қағидаларға сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар (бұдан әрі – ЕБҚ) тәрбиеленушілер болған кезде топтарды жасақтауға қойылатын талаптардың сақталуы.

Оқу-әдістемелік жұмыс

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бұдан әрі – МЖМБС), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) үлгілік оқу жоспарларының (бұдан әрі – ҮОЖ) және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының (бұдан әрі – ҮОБ) талаптарына тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау мен іске асырудың сәйкестігі.
2. Күн тәртібінің сақталуы және МЖМБС-та көзделген балалар әрекетінің барлық түрлерінің қамтамасыз етілуі.
3. Тәрбиеленушілердің эмоционалдық әл-ауқатын, жан-жақты және біртұтас дамуын қамтамасыз ететін дамытушы ортаны құру.
4. Үлгілік қағидаларға сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балаларға білім алу үшін арнайы жағдайлар жасау.
5. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау бойынша мониторинг нәтижелерінің болуы.

6. Бақылау нәтижелері (бастапқы, аралық, қорытынды) бойынша баланың жеке даму картасында іс-шаралар жүргізу.
7. Үлгілік қағидаларға сәйкес оқу жылының басында тәрбиеленушілерді ауыстыру және жас топтарын қалыптастыру талаптарын сақтау.
8. Балалардың ата-аналарын (өзге де заңды өкілдерін) тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту; оқу жылына арналған ата-аналармен жұмыс жоспары.

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету

1. Мектепке дейінгі ұйымдардағы жабдықтар мен жиһаздардың Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен бекітілген жабдықтау нормаларына сәйкестігі.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығына сәйкес бейнебақылау жүйесінің болуы және қауіпсіздік талаптарының сақталуы.

Оқу-әдістемелік және ақпараттық ресурстар

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына сәйкес мектепалды даярлықтың Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыратын білім беру ұйымдары үшін оқу-әдістемелік кешендердің болуы.
2. Жабдықтау нормаларына сәйкес тәрбиеленушілердің коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық, қимыл-қозғалыс және әлеуметтік дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететін оқу және ойын материалдарының болуы.
3. Тәрбиелеу-білім беру процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен қамтамасыз етілуі және олардың қолданылуы.
4. Ресми интернет-ресурстың және **edu.kz** аймағындағы домендік атаудың болуы.

ҚОСЫМШАЛАР

№ 1 қосымша

1. Заңды тұлғаны тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтама.
2. Заңды тұлға өкілінің басшыны лауазымға тағайындау туралы бұйрығы.
3. Білім беру ұйымының жарғысы.
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны немесе тоқтатылғаны туралы хабарлама.

№ 2 қосымша

1. Педагог кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер (Әдістемелік ұсынымдарға № 2 қосымша).
2. Штат кестесі.
3. Басшы мен педагогтердің тиісті бейін бойынша біліктілігін арттыруы туралы мәліметтер.

№ 3 қосымша

1. Тәрбиеленушілер контингентінің тізімі (Әдістемелік ұсынымдарға № 3 қосымша).

№ 4 қосымша

1. Жабдықтармен және жиһазбен қамтамасыз етілуі туралы мәліметтер (Әдістемелік ұсынымдарға № 4 қосымша).
2. Бухгалтерлік есептілік деректерінен алынған негізгі құралдардың тізбесі.

№ 5 қосымша

1. Оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы мәліметтер (Әдістемелік ұсынымдарға № 5 қосымша).

Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

1. Білім беру қызметін жүзеге асыру құқығын беретін құрылтай және рұқсат беру құжаттарының болуы және олардың сәйкестігі. Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері.

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер

1	Білім беру ұйымының толық атауы: Мемлекеттік тілде: Павлодар облысы білім беру басқармасының Ақсу қаласы білім беру бөлімінің «Айналайын» сәбилер бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіп орны. Орыс тілінде: Коммунальное государственное казенное предприятие «Ясли-сад «Айналайын» отдела образования города Ақсу управления образования Павлодарской области.
2	Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан мекенжайы): Мемлекеттік тілде: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Камзин көшесі, 24А. Орыс тілінде: Республика Казахстан, Павлодарская область, город Ақсу, улица Камзина, дом 24А.
3	Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, веб-сайт): Ұялы телефон: 8 777 491 87 43 Жұмыс телефон: 8 (71837) 23-020 Электрондық пошта: ainalaiyn@bilimaksu.edu.kz Сәбилер бақшасының веб-сайты: ainalaiyn.bilimaksu.edu.kz «Ақсу қаласының білім бөлімі» ММ
4	Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі): Заңды тұлғаның өкілі: Батталова Гүлжан Кункашбаевна. Басшыны лауазымға тағайындау туралы 2026 жылғы 7 шілдедегі № 5-02/19 бұйрық. Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу немесе қайта тіркеу туралы анықтама/қуәлік, балабақша жарғысы): Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жылғы 12 қаңтарда берілген.
5	Білім беру ұйымы өз қызметінде Павлодар облысы әкімдігінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 276/5 қаулысымен бекітілген және Павлодар облысы білім беру басқармасының 2020 жылғы 28 желтоқсандағы № 8/2-19/4520 хаты негізінде қабылданған Жарғыны басшылыққа алады.
6	Рұқсат беру құжаттары (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарлама жіберу талоны): Павлодар облысы білім беру басқармасының Ақсу қаласы білім беру бөлімінің «Айналайын» сәбилер бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын, жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 2021 жылғы 10 ақпандағы № KZ36RVK00032043 хабарлама талоны бар.

2. Білім беру ұйымы басшысының педагогтер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкестігі

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына сәйкес Павлодар облысы білім беру басқармасының Ақсу қаласы білім беру бөлімінің «Айналайын» сәбилер бақшасы» КМҚК басшысының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен (өзгерістер мен толықтыруларымен) бекітілген Педагогтер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарға талдау жүргізілді.

Білім беру ұйымының басшысы — Батталова Гүлжан Кункашбайқызы.

Білімі — жоғары, мектепке дейінгі білім беру саласы бойынша. Педагогикалық еңбек өтілі — 37 жыл, басқарушылық қызмет өтілі — 16 жыл. Басшының бірінші біліктілік санаты 2024 жылы

расталған, бұл Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес келеді.

Басшы өзінің кәсіби біліктілігін жүйелі түрде арттырады, 2025 және 2026 жылдары біліктілікті арттыру курстарынан өткен. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін дамыту, білім берудегі менеджмент, заманауи білім беру технологияларын енгізу және білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері бойынша семинарларға, конференцияларға, вебинарларға және басқа да іс-шараларға қатысады.

Басшыны лауазымға тағайындау Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасы мен білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес жүзеге асырылған. Растайтын құжаттар: лауазымға тағайындау туралы бұйрық, еңбек шарты, лауазымдық нұсқаулық, білімі туралы құжаттар және еңбек өтілін растайтын құжаттар бар.

Қорытынды: «Айналайын» сәбилер бақшасы» КМҚК басшысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен (өзгерістер мен толықтыруларымен) бекітілген Педагогтер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларының талаптарына сәйкес келеді. Лауазымға тағайындау заңнамада белгіленген тәртіппен ресімделген. Бағалау өлшемшарты орындалды.

Растайтын құжаттар:

- басшыны лауазымға тағайындау туралы бұйрық;
- еңбек шарты;
- лауазымдық нұсқаулық;
- білімі туралы диплом;
- біліктілікті арттыру туралы құжаттар;
- еңбек өтілін растайтын құжаттар.

3. Мектепке дейінгі ұйым түрінің білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасына сәйкестігі

Ұйымның толық атауы: Павлодар облысы білім беру басқармасының Ақсу қаласы білім беру бөлімінің «Айналайын» сәбилер бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

Білім беру ұйымының түрі — **сәбилер бақшасы** — Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 50 «Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасына сәйкес келеді.

Ұйымның Жарғысында, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамада және өзге де құрылтай құжаттарында көрсетілген атауы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген білім беру ұйымының түріне сәйкес келеді.

Растайтын құжаттар:

- ұйымның Жарғысы;
- заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама.

4. Білім беру ұйымы бекіткен жұмыс жоспарларының және алқалы басқару органдары (педагогикалық, қамқоршылық, әдістемелік кеңестер мен педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес) отырыстары хаттамаларының болуы

Білім беру ұйымында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін алқалы басқару органдарының жұмыс жоспарлары әзірленген, бекітілген және іске асырылуда.

Педагогикалық кеңес, Қамқоршылық кеңес, Әдістемелік кеңес және Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес жұмыс істейді. Әрбір алқалы органның қызметі бекітілген жұмыс жоспарлары негізінде жүзеге асырылады.

Алқалы органдардың отырыстары жылдық жұмыс жоспарларына сәйкес белгіленген мерзімдерде өткізіледі. Әрбір отырыстың қорытындысы бойынша күн тәртібі, қаралған мәселелер, қабылданған шешімдер және жауапты орындаушылар туралы мәліметтер қамтылған хаттамалар ресімделеді.

Құжаттама жүйелі түрде жүргізіледі, белгіленген тәртіппен сақталады және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес келеді. Алқалы

органдардың қызметі білім беру ұйымын басқарудың ашықтығын, шешімдер қабылдаудағы алқалылықты және білім беру процесінің сапасын арттыруды қамтамасыз етеді.

Кадрлық құрам

1. Тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтердің үлесі

Жыл	Барлық педагогтер	Жоғарғы біліммен				Арнаулы орта білімі бар		
		Барлығы	Мектепке дейінгі	педагогикалық	Мектепке дейінгі мамандығы бар нақты орта білімі бар	Барлығы	Мектепке дейінгі	педагогикалық
2024-2025	32	26 (84%)	18 (70%)	8 (30%)	2 (8%)	6 (16%)	3 (40%)	3 (60%)
2025-2026	32	25 (84%)	20 (78%)	5 (22%)	2 (6%)	5 (16%)	2 (40%)	3 (60%)
Көрсеткіш	+1	+1	+3	-2	0	-1	-1	0
2026-2027	32	25 (78%)	20 (80%)	5 (20%)	3 (9%)	7 (22%)	4 (58%)	3 (42%)
Көрсеткіш	0	0	0	0	+1	+2	+2	0

Ағымдағы оқу жылында педагогтердің 78%-ының жоғарғы педагогикалық білімі бар, оның ішінде 80%-ы мектепке дейінгі білім беру мамандығы бойынша білім алған. Мектепке дейінгі білім беру мамандығы бойынша базалық арнаулы орта білімі бар педагогтердің үлесі — 9%. Педагогтердің 22%-ының арнаулы орта білімі бар, оның ішінде 58%-ы мектепке дейінгі білім беру мамандығы бойынша білім алған. Осылайша, педагогтердің 100%-ының педагогикалық білімі бар.

Барлық педагогтер тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқыту, әдістемелік сүйемелдеу және білім беру қызметін ұйымдастыру бойынша кәсіби педагогикалық қызметті жүзеге асырады. Сонымен қатар олар Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын сақтай отырып, тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың нысандары мен тәсілдерін дербес таңдайды.

2. Біліктілік санатының деңгейін кемінде бес жылда бір рет арттырған/растаған педагогтердің үлесі

	Барлығы	Басшы	Зерттеуші	Сарапшы	модератор	педагог
2024-2025	32	1 (1 категория)	3 (70%)	5 (30%)	16 (8%)	7 (16%)
2025-2026	32	1 (1 категория)	2 (78%)	6 (22%)	17 (6%)	7 (16%)
Көрсеткіш	+1	0	-1	+1	+1	0
2026-2027	32	1 (1 категория, 2%)	3 (10%)	8 (25%)	15 (47%)	5 (16%)
Көрсеткіш	0	0	+1	+2	-2	-2

--	--	--	--	--	--	--

Сәбилер бақшасының барлық педагогтері өз қызметінде тиісті кәсіби құзыреттерге ие, кәсіби шеберлігін, зерттеушілік, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіреді, сондай-ақ біліктілік санатының деңгейін кемінде бес жылда бір рет арттырады (растайды).

Талдау педагог-зерттеушілер санының 1-ге, педагог-сарапшылар санының 2-ге артқанын, ал педагог-модераторлар санының 2-ге және «педагог» біліктілік санатындағы педагогтер санының 2-ге азайғанын көрсетеді.

3. Кемінде үш жылда бір рет педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің (оның ішінде басшылар мен басшы орынбасарларының) үлесі

Педагогтердің кәсіби деңгейінің осу динамикасы олардың саналы белсенділігі мен кәсіби біліктілігінің көрсеткіші болып табылады. Соңғы жылдары педагогтердің 100%-ы біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, педагогикалық шеберлігін жетілдірді.

Педагогтердің кәсіби шеберлігін жетілдіру «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ-да және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның Педагогикалық шеберлік орталығында біліктілікті арттыру арқылы ұйымдастырылады.

Бөлімдер	2024 –2025	2025 - 2026	Көрсеткіш	2026-2027	Көрсеткіш
Педагогтер	10 (32%)	17 (55%)	+7	12 (38%)	+5
Басшы		1 (100%)	+1		+1

Біліктілікті арттыру курстарынан өтудің бекітілген кестесіне сәйкес 2024–2027 жылдар аралығындағы бағаланатын кезеңде кадрлардың ауысуын ескере отырып, барлығы 39 педагог оқудан өтті, оның ішінде инклюзивті білім беру бойынша курстар да қамтылды.

Біліктілік санатының деңгейін кемінде үш жылда бір рет арттырған/растаған педагогтердің үлесі (оның ішінде басшының кемінде үш жылда бір рет өтуі) — 100%.

Кемінде үш жылда бір рет педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің (оның ішінде басшының) үлесі.

Тәрбиеленушілер контингенті

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 31 тамызда № 29329 болып тіркелген) (бұдан әрі — Үлгілік қағидалар) сәйкес балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптардың сақталуы

Сәбилер бақшасында жас топтарын қалыптастыру Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Топтарды жасақтау күнтізбелік жылдың басындағы балалардың жасын, жолдама беру кезектілігін, мектепке дейінгі ұйымның жобалық қуатын және Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын ескере отырып жүргізіледі.

Ұйымда белгіленген талаптарға сәйкес келетін 12 жас тобы жұмыс істейді. Тәрбиеленушілерді қабылдау ақпараттық жүйе арқылы берілген жолдама, ата-аналардың (занды өкілдердің) өтініші, білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт және басшының бұйрығы негізінде жүзеге асырылады. Жас ерекшелігі бойынша топтар (әртүрлі жастағы топтар) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының талаптарына сәйкес қалыптастырылған. Әртүрлі жастағы топтарды жасақтау тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері мен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын ескеріле отырып жүзеге асырылды.

2. Үлгілік қағидаларға сәйкес бір жастағы және әртүрлі жастағы топтардағы тәрбиеленушілер санына қойылатын талаптардың сақталуы

Балабақшадағы жас топтарының толықтырылуы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Бір жастағы (әртүрлі жастағы) топтардағы тәрбиеленушілер саны белгіленген нормативтік талаптарға сәйкес келеді. Топтарды жасақтау мектепке дейінгі ұйымның жобалық қуаты, балалардың жас ерекшеліктері, қабылдау кезектілігі және санитариялық-эпидемиологиялық талаптар ескеріле отырып жүргізіледі.

Тәрбиеленушілер контингенті жыл сайын ұйым басшысының бұйрығымен бекітіледі. Топтардың толықтырылуы туралы мәліметтер балалардың бекітілген тізімдерінде, оларды қабылдау және шығару туралы бұйрықтарда, сондай-ақ ақпараттық жүйеде көрсетілген. Өзін-өзі бағалау жүргізілген кезде топтардағы тәрбиеленушілер санының белгіленген нормадан асуы анықталған жоқ.

Осылайша, бір жастағы (әртүрлі жастағы) топтардың толықтырылуына қойылатын талаптар толық көлемде сақталады.

3. Үлгілік қағидаларға сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер болған жағдайда топтарды жасақтауға қойылатын талаптардың сақталуы

Балабақшада ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар (бұдан әрі – ЕБҚ) тәрбиеленушілер бар. Топтарды жасақтау мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (ПМПК) ұсынымдары, ата-аналардың (заңды өкілдердің) мүдделері және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптары ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Жас топтарындағы ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар тәрбиеленушілердің саны белгіленген талаптарға сәйкес келеді. Тәрбиеленушілердің сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен білім алуға құқықтары толық көлемде қамтамасыз етілген.

1) Тәрбиелеу мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға қойылатын өлшемшарттар / ЕБҚ бар балалар								
Әдістемелік ұсынымдарға 3-қосымшаға сәйкес кесте, сілтеме:								
2024–2025 оқу жылына								
		Норма /нәжл	1	2	3	4	5	
"Ақбота"	Қазақ тілінде оқытатын кіші топ	20		20				
"Лучики"	Орыс тілінде оқытатын кіші топ	20		20				
"Сказка"	Орыс тілінде оқытатын кіші топ	20		20				
"Балдырған"	Қазақ тілінде оқытатын ортаңғы топ	21			21			
"Непоседы"	Орыс тілінде оқытатын ортаңғы топ	25/1			25			
"Еркетай"	Қазақ тілінде оқытатын ересек топ	24				24		
"Куншуак"	Қазақ тілінде оқытатын ересек топ	21				23		
"Теремок"	Орыс тілінде оқытатын ересек топ	25				25		
"Радуга"	Орыс тілінде оқытатын әртүрлі жастағы топ (ересек/мектепалды топ)	20				9		11

"Жұлдызш а"	Қазақ тілінде оқытатын әртүрлі жастағы топ (ересек/мектепалды топ)	24				13	11
"Талапкер"	Қазақ тілінде оқытатын мектепалды топ	21/1					21
"Капельки"	Орыс тілінде оқытатын мектепалды топ	21/2					21
2025-2026 оқу жылына							
"Акбота"	Қазақ тілінде оқытатын кіші топ	19/1		19/1			
"Лучики"	Орыс тілінде оқытатын кіші топ	15/1		15/1			
"Капельки"	Орыс тілінде оқытатын кіші топ	20		20			
"Балдырған "	Қазақ тілінде оқытатын кіші топ	13/2		13/2			
"Сказка"	Орыс тілінде оқытатын ортаңғы топ	25			25		
"Радуга"	Орыс тілінде оқытатын ортаңғы топ	24			24		
"Талапкер"	Қазақ тілінде оқытатын ортаңғы топ	25/1			25/1		
"Жұлдызш а"	Қазақ тілінде оқытатын ересек топ	25				25	
"Непоседы "	Орыс тілінде оқытатын ересек топ	25/2				25/2	
"Куншуак"	Қазақ тілінде оқытатын мектепалды топ	24/1					24/1
"Еркетай"	Қазақ тілінде оқытатын мектепалды топ	24					24
"Теремок"	Орыс тілінде оқытатын мектепалды топ	26/1					26/1
2026-2027 оқу жылына							
"Акбота"	Қазақ тілінде оқытатын кіші топ	19		19			
"Лучики"	Орыс тілінде оқытатын кіші топ	20		20			
"Балдырған"	Қазақ тілінде оқытатын кіші топ	10		10			
"Капельки"	Орыс тілінде оқытатын ортаңғы топ	21			21		
"Теремок"	Орыс тілінде оқытатын ортаңғы топ	24			24		
"Куншуак"	Қазақ тілінде оқытатын ортаңғы топ	25			25		

"Еркедай"	Қазақ тілінде оқытатын ортаңғы топ	21			21		
"Талапкер"	Қазақ тілінде оқытатын ересек топ	25/1				25/1	
"Сказка"	Орыс тілінде оқытатын ересек топ	24				24	
"Радуга"	Орыс тілінде оқытатын ересек топ	23/1				23/1	
"Жұлдызша"	Қазақ тілінде оқытатын мектепалды топ	22					22
"Непоседы"	Орыс тілінде оқытатын мектепалды топ	25/3					25/3

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының» 1-қосымшасына сәйкес мектепке дейінгі ұйымның негізгі құрылымдық бірлігі бір жастағы немесе әртүрлі жастағы балалар қағидаты бойынша жасакталатын жас тобы болып табылады.

Балалардың жас кезеңдері:

1. бөбек жасы – 0 жастан (жаңа туған балалар) 2 жасқа дейінгі балалар;
2. мектепке дейінгі жас – 3–5 жастағы балалар.

Мектепке дейінгі ұйымда жас топтары оқу жылының басында күнтізбелік жылда толық жасқа толған балалардың жасын ескере отырып құрылады:

- ерте жас тобы – 1 жастағы балалар;
- кіші топ – 2 жастағы балалар;
- ортаңғы топ – 3 жастағы балалар;
- ересек топ – 4 жастағы балалар;
- мектепалды топ, мектептің (лицейдің, гимназияның) мектепалды сыныбы – 5 жастағы балалар.

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл.

Оқу-әдістемелік жұмыс

1. Тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау мен іске асырудың сәйкестігі

Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу-білім беру процесі:

– Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына (бұдан әрі – Стандарт);

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып);

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып) сәйкес жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, мектепке дейінгі ұйым Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын және сәбилер бақшасының Жарғысын басшылыққа алады.

Мынадай талаптар белгіленеді:

1. тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына;
2. тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне;
3. тәрбие мен оқыту мерзіміне.

Жыл сайын Үлгілік оқу жоспарына сәйкес әрбір жас тобы үшін жұмыс оқу жоспары әзірленіп, бекітіледі. Жұмыс оқу жоспары мектепке дейінгі білім берудің мазмұны мен құрылымын, педагогтердің апталық оқу жүктемесін, мектепалды топтардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттің ұзақтығын, сондай-ақ қазақ және орыс тілдерінде білім беретін топтардағы балалар іс-әрекетінің түрлерін айқындайды.

Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі жұмыс оқу жоспарына және нұсқаулық-әдістемелік хатқа сәйкес құрастырылады. Перспективалық жоспарлау 2024–2025, 2025–2026 және 2026–2027 оқу жылдарында тәрбиеленушілердің біліктері мен дағдыларын қалыптастыру жөніндегі міндеттердің іске асырылып отырғанын көрсетеді.

Перспективалық жоспарлау білім беру қызметінің нәтижесі ретінде баланың құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған.

Аталған жоспарлар әдіскермен келісіліп, сәбилер бақшасының басшысымен бекітілген.

Қызмет мазмұны тәрбиеленушілердің мынадай біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларды және зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оларды жан-жақты дамытуға бағытталған әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру.

Педагогтер бекітілген перспективалық жоспарларға сәйкес балаларды қабылдаудан бастап, ұйымдастырылған іс-әрекетті, таңертеңгі гимнастиканы, серуендерді, күндізгі ұйқыны, шынықтыру шараларын өткізуге және балалардың үйге қайтуына дейінгі барлық режимдік сәттердің орындалуын қамтамасыз ететін апталық циклограммаларды әзірлейді.

Тәрбиелеу-білім беру процесін жоспарлау кезінде балалардың іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі нысандарын, әдістері мен тәсілдерін қолдану және вариативтілік ескеріледі. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу барысында педагогтер тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын, қажеттіліктерін, жас және жеке ерекшеліктерін ескереді.

Циклограммалардың құрылымы жүйелілік пен бірізділік қағидаттарына сәйкес күн тәртібі негізінде құрылады. Бағдарламалық материалды бөлу және тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарды сақтау әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктерін мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде оның жан-жақты дамуына және әлеуетін ашуға қолайлы жағдай жасайды.

Циклограммада балалар іс-әрекетінің барлық түрлері қарастырылады: ұйымдастырылған, ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименттік, еңбек, заттық, қимыл-қозғалыс және бейнелеу іс-әрекеттері.

2. Күн тәртібінің сақталуы және МЖМБС-да көзделген балалар іс-әрекетінің барлық түрлерінің қамтамасыз етілуі

«Айналайын» сәбилер бақшасы» КМҚК-да күн тәртібі мен тәрбие-білім беру процесі Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына, санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға және тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылады.

Күн тәртібі балалардың физиологиялық қажеттіліктері ескеріле отырып әзірленген және әртүрлі іс-әрекет түрлерінің, демалыстың, тәмақтанудың, серуендеудің, ұйқының және қимыл-қозғалыс белсенділігінің ұтымды кезектесуін қамтамасыз етеді. Барлық жас топтарында күн тәртібі толық көлемде сақталады. Бұл тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтауға және нығайтуға, өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыруға әрі қолайлы эмоциялық ахуал жасауға ықпал етеді.

Білім беру қызметі заманауи педагогикалық технологияларды қолдану арқылы ойын түрінде ұйымдастырылады және баланың тұлғасын жан-жақты дамытуға бағытталады. Күні бойы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген балалар іс-әрекетінің барлық түрлері: ойын, танымдық, коммуникативтік, сөйлеу, зерттеу, шығармашылық, бейнелеу, музыкалық, қимыл-қозғалыс, еңбек және дербес іс-әрекеттер қамтамасыз етіледі.

Топтарда әртүрлі іс-әрекет түрлерін ұйымдастыру үшін қажетті дидактикалық материалдармен, ойын жабдықтарымен, кітаптармен, құрастырғыштармен, шығармашылық және тәжірибелік жұмыстарға арналған материалдармен жабдықталған белсенділік орталықтары құрылған. Педагогтер тәрбиеленушілердің бастамашылдығын, дербестігін, шығармашылық қабілеттерін, танымдық белсенділігі мен коммуникативтік дағдыларын дамытуға жағдай жасайды.

Балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін ұйымдастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Күн сайын танертенгілік гимнастика, дене шынықтыру сабақтары, қимылды ойындар, сергіту сәттері, серуендер мен спорттық ойын-сауықтар өткізіледі. Тәрбие-білім беру процесіне тәрбиеленушілердің физикалық және психикалық денсаулығын нығайтуға бағытталған денсаулық сақтау технологиялары енгізіледі.

Күн тәртібінің режимдік сәттері барысында педагогтер балалардың мәдени-гигиеналық, өзіне-өзі қызмет көрсету, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын, сондай-ақ құрдастарымен және еросектермен қарым-қатынас жасау және ынтымақтастық дағдыларын қалыптастырады. Әрбір баланың эмоциялық әл-ауқатын қамтамасыз етуге, оның бастамалары мен жеке мүмкіндіктерін қолдауға жағдай жасалады.

Балабақша әкімшілігі күн тәртібінің сақталуына, білім беру қызметінің ұйымдастырылуына және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарының орындалуына жүйелі бақылау жүргізеді. Бақылау нәтижелері бойынша режимдік процестердің нормативтік талаптарға сәйкес ұйымдастырылғаны, ал балалар іс-әрекетінің барлық түрлерінің толық көлемде жүзеге асырылатыны анықталды.

Қорытынды: «Айналайын» сәбилер бақшасы» КМҚК-да күн тәртібі сақталып, Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген балалар іс-әрекетінің барлық түрлері жүзеге асырылады. Тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру балалардың денсаулығын сақтауға, олардың жан-жақты дамуына, өмірлік құзыреттіліктерінің қалыптасуына және табысты әлеуметтенуіне ықпал етеді.

3. Тәрбиеленушілердің эмоционалдық әл-ауқатын, жан-жақты және біртұтас дамуын қамтамасыз ететін дамытушы ортаны құру

«Айналайын» сәбилер бақшасы» КМҚК-да дамытушы ортаны құру жұмысы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес ұйымдастырылған және әрбір тәрбиеленушінің эмоционалдық әл-ауқатын, жан-жақты әрі үйлесімді дамуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Мектепке дейінгі ұйымда балалардың жас және жеке ерекшеліктері ескерілген қауіпсіз, жайлы әрі психологиялық тұрғыдан қолайлы білім беру ортасы құрылған. Барлық үй-жайлар тәрбиеленушілердің танымдық, сөйлеу, көркемдік-эстетикалық, дене және әлеуметтік-коммуникативтік дамуына ықпал ететін заманауи ойын, дидактикалық және дамытушы құрал-жабдықтармен жабдықталған.

Топтардағы заттық-көнедістік дамытушы орта белсенділік орталықтары бойынша ұйымдастырылған: таным орталығы, кітап орталығы, өлкетану орталығы, шығармашылық орталығы, сюжеттік-рөлдік ойындар орталығы, құрастыру орталығы, эксперимент жүргізу орталығы, музыка және спорт бұрыштары. Орталықтардың мазмұны балалардың қызынушылықтары, қажеттіліктері мен жас ерекшеліктеріне сәйкес жүйелі түрде жаңартылып отырады. Бұл олардың дербестігін, бастамашылдығын, шығармашылық ойлауын және зерттеушілік белсенділігін дамытуға ықпал етеді.

Тәрбиеленушілердің эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінеді. Топтарда әрбір баланың жеке тұлғасын құрметтеуге, ынтымақтастық пен өзара түсіністікке негізделген ізгі ниетті ахуал қалыптастырылған. Педагогтер эмоционалдық интеллектіні, қарым-қатынас жасау, өзін-өзі реттеу дағдыларын және қоршаған ортаға жағымды көзқарасты дамытуға бағытталған ойын, коммуникативтік және денсаулық сақтау технологияларын қолданады.

Балалардың дене денсаулығын нығайту мақсатында күнделікті қимыл-қозғалыс белсенділігіне қажетті жағдайлар жасалған. Тәрбиелеу-білім беру үдерісінде танертенгі гимнастика, дене шынықтыру сабақтары, қимылды ойындар, спорттық ойын-сауықтар мен сауықтыру іс-шаралары

өткізіледі. Балабақша аумағында серуендеу мен белсенді демалысты қауіпсіз ұйымдастыруға мүмкіндік беретін ойын және спорт аяңдары жабдықталған.

Тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында музыкалық мерекелер, театрландырылған қойылымдар, балалар шығармашылығының көрмелері, байқаулар, тақырыптық жобалар және танымдық іс-шаралар ұйымдастырылады. Тәрбиеленушілер түрлі іс-шараларға белсенді қатысады, бұл олардың өзіне деген сенімділігін, коммуникативтік дағдылары мен шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал етеді.

Қызметтің маңызды бағыттарының бірі – тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара ынтымақтастық орнату. Ата-аналар бірлескен мерекелерге, көрмелерге, шеберлік сағаттарына, акциялар мен жобаларға қатысады. Балаларды тәрбиелеу, дамыту және олардың эмоционалдық ал-ауқатын қамтамасыз ету мәселелері бойынша тұрақты түрде консультациялар, ата-аналар жиналыстары және жеке әңгімелесулер өткізіледі.

Педагогикалық ұжым кәсіби құзыреттілігін жүйелі түрде жетілдіріп, заманауи білім беру технологияларын енгізеді, дамытушы ортаның мазмұнын жаңартады және балаларды тәрбиелеу мен оқытуда тұлғаға бағдарланған тәсілді табысты іске асыру үшін жағдай жасайды.

Қорытынды: «Айналайын» сәбилер бақшасы» КМҚК-да тәрбиеленушілердің эмоционалдық ал-ауқатын, қауіпсіздігін, жан-жақты әрі біртұтас дамуын қамтамасыз ететін заманауи дамытушы білім беру ортасы құрылған. Білім беру кеністігін ұйымдастыру балалардың танымдық белсенділігін, дербестігін, шығармашылық қабілеттерін, әлеуметтік дағдыларын және қоршаған ортаны танып-білуге деген оң уәждемесін қалыптастыруға ықпал етеді әрі Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес келеді.

4. Үлгілік қағидаларға сәйкес ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балаларға білім алу үшін арнайы жағдайлар жасау

«Айналайын» сәбилер бақшасы» КМҚК-да ерекше білім беру қажеттіліктері бар (ЕБК) балаларға және мүмкіндігі шектеулі балаларға білім алу үшін арнайы жағдайлар жасау жұмысы Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына және инклюзивті білім беру саласындағы өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

Қызметтің негізгі мақсаты – әрбір баланың сапалы мектепке дейінгі білім алуға тең қолжетімділігін қамтамасыз ету, олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, табысты әлеуметтенуіне, тәрбиеленуіне және жан-жақты дамуына ықпал ететін қауіпсіз, қолжетімді әрі дамытушы білім беру ортасын қалыптастыру.

Кедергісіз заттық-дамытушы орта ұйымдастырылып, үй-жайларға, ойын және оқу аймақтарына еркін қол жеткізу қамтамасыз етілген. Топтар заманауи дидактикалық материалдармен, дамытушы құралдармен, сенсорлық ойындармен, көрнекі оқыту құралдарымен және түзету-дамыту жабдықтарымен қамтамасыз етілген.

Білім беру процесі тәрбиеленушілердің жеке білім беру қажеттіліктерін ескере отырып ұйымдастырылады. Педагогтер сараланған және жеке тәсілдерді, заманауи ойын, денсаулық сақтау және түзету-дамыту технологияларын қолданады. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді қажет ететін әрбір бала үшін мамандардың қорытындылары негізінде жеке бағдарламалар, жоспарлар мен ұсынымдар әзірленеді.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу тәрбиешілердің, педагог-психологтің, логопедтің, қажет болған жағдайда басқа да мамандардың, сондай-ақ ата-аналардың (занды өкілдердің) тығыз өзара іс-қимылы негізінде жүзеге асырылады. Жүйелі түрде консультациялар, жеке және шағын топтық түзету-дамыту сабақтары өткізіліп, балалардың даму динамикасына мониторинг жүргізіледі және атқарылған жұмыстың тиімділігі бағаланады.

Тәрбиеленушілердің отбасыларымен ынтымақтастыққа ерекше көңіл бөлінеді. Ата-аналарға балаларды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелері бойынша консультациялық көмек көрсетіледі, ата-аналар жиналыстары, жеке консультациялар, шеберлік сыныптары және «Балабақша – отбасы» бірыңғай білім беру кеністігін қалыптастыруға бағытталған бірлескен іс-шаралар өткізіледі.

Мектепке дейінгі ұйым педагогтері инклюзивті білім беру мәселелері бойынша кәсіби құзыреттіліктерін жүйелі түрде арттырады, семинарларға, вебинарларға, біліктілікті арттыру

			ка лы пт ас ка нд ар ы	лы пт ас ка нд ар ы	н де ңг е й де ка лы п та сқ а н да р ы	тас кан дар ы	ка нд ар ы	ы т ө м е н д е ң ге й д е к а л ы п т а с қ а н да р ы	тас ка нд ар ы	кан дар ы	ы т ө м е н д е ң ге й д е к а л ы п т а с қ а н да р ы		кан дар ы	ы т ө м е н д е ң ге й д е к а л ы п т а с қ а н да р ы	тас ка нд ар ы	ка нд ар ы	ы т ө м е н д е ң ге й д е к а л ы п т а с қ а н да р ы
1	Кіші топ	68	54	14		42	26		46	22		47	21		57	11	
2	Ортаң ы топ	48	40	8		31	15	2	36	12		38	10		38	10	
3	Ересек топ	103	88	15		81	22		83	19	1	87	16		86	17	
4	Мектеп алды топ	54	48	6		48	6		50	4		51	3		52	2	
	Барлы ғы	273	230	43	0	202	69	2	215	57	1	223	50	0	233	40	0
	%	100	84	16	0	74	25	1	79	21	0	82	18	0	85	15	0

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгерудің жалпы көрсеткіші: жоғары деңгей бойынша – 221 бала (81%), II деңгей бойынша – 51 бала (19%), III деңгей бойынша – 1 бала (0%).

2025–2026 оқу жылындағы қорытынды мониторинг нәтижелерінің жиынтық кестесі

№	Жас топтар ы	Бал ала р сан ы	Физикалық даму	Коммуникат ивтік дағдыларды дамыту	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Балалардың шығармашы лық дағдыларын, зерттеу іс- әрекетін	Әлеуметтік- эмоционал дық дағдыларды қалыптастыр у
---	--------------------	-----------------------------	-------------------	---	--	--	---

									дамыту								
			Олардың ішінде дағдылары жоғары орта деңгейде қалыптасқан дағдылары	Олардың ішінде дағдылары жоғары орта деңгейде қалыптасқан дағдылары	Олардың ішінде дағдылары жоғары орта деңгейде қалыптасқан дағдылары	Олардың ішінде дағдылары жоғары орта деңгейде қалыптасқан дағдылары	Олардың ішінде дағдылары жоғары орта деңгейде қалыптасқан дағдылары	Олардың ішінде дағдылары жоғары орта деңгейде қалыптасқан дағдылары	Олардың ішінде дағдылары жоғары орта деңгейде қалыптасқан дағдылары	Олардың ішінде дағдылары жоғары орта деңгейде қалыптасқан дағдылары	Олардың ішінде дағдылары жоғары орта деңгейде қалыптасқан дағдылары	Олардың ішінде дағдылары жоғары орта деңгейде қалыптасқан дағдылары	Олардың ішінде дағдылары жоғары орта деңгейде қалыптасқан дағдылары	Олардың ішінде дағдылары жоғары орта деңгейде қалыптасқан дағдылары	Олардың ішінде дағдылары жоғары орта деңгейде қалыптасқан дағдылары		
1	Kiwi	79	59	18	2	50	24	5	53	24	2	56	20	3	59	18	2

топ																	
2	Ортаңғы топ	70	56	14	0	51	18	1	56	14	0	57	13	0	56	14	0
3	Ересек топ	47	39	7	1	36	9	2	36	11	0	37	10	0	37	10	0
4	Мектеп алды топ	66	62	4	0	55	11	0	61	5	0	59	7	0	60	6	0
	Барлығы	262	216	43	3	192	62	8	206	54	2	209	50	3	212	48	2
	%	100	82	16	1	73	24	3	79	21	1	80	19	1	81	18	1

«Айналайын» сәбилер-бақшасында қорытынды мониторинг 1–10 мамыр аралығында жүргізілді. 12 топтағы 262 бала диагностикамен қамтылды.

Бағдарламалық материалды меңгеру бойынша жүргізілген қорытынды мониторинг барлық жас топтарындағы балалардың бағдарламалық материалды жоғары, орта және төмен деңгейде меңгергенін көрсетті. Білім беру бағыттары бойынша білім сапасын талдау нәтижесінде мынадай рейтингтік тәртіп белгіленді:

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгерудің жалпы көрсеткіші: жоғары деңгей – 207 бала (79%), II деңгей – 51 бала (20%), III деңгей – 4 бала (1%).

Қорытынды: Балалардың білімді, білікті және дағдыларды меңгеру мониторингі педагогтердің балалардың танымдық, эмоциялық және мінез-құлық салаларын белсендіруге, шығармашылық дербестігін дамытуға бағытталған әртүрлі құралдар мен олардың зейінін аудару және шоғырландыру тәсілдерін қолданатынын көрсетті. Бағдарламалық материал толық меңгерілді.

Даму перспективалары:

- денсаулық сақтау бағытындағы жұмысты жетілдіру;
- балалардың балабақшаға қатысуын жақсарту бойынша жұмысты жалғастыру (балалардың денсаулығын нығайту, шынықтыру шараларын өткізу және т.б.);
- педагогтердің өздігінен білім алуы арқылы олардың құзыреттілік деңгейін арттыру;
- баланың жеке даму карталары бойынша жұмысты жүйелі түрде жүргізу;
- балаларды жан-жақты дамытуға бағытталған заманауи инновациялық педагогикалық технологияларды жұмыс тәжірибесіне енгізу.

2026–2027 оқу жылындағы бастанқы мониторинг нәтижелерінің жиынтық кестесі

Жас ерекшелік топтары	Бала	Физикалық аснеттердің дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық әлеуметтік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық дағдылары, зерттеуіс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру			БАРЛЫҒЫ					
		ол	ол	ол	ол	ол	ол	ол	ол	ол	ол	ол	ол	ол	ол	ол	%	ол	%	ол	%	
		ар	ар	ар	ар	ар	ар	ар	ар	ар	ар	ар	ар	ар	ар	ар	ар		ар		ар	
		ды	ды	д	ды	ды	д	ды	ды	д	ды	ды	д	ды	ды	д	ды		ды		д	
		ні	ні	ы	ні	ні	ы	ні	ні	ы	ні	ні	ы	ні	ні	ы	ні		ні		ы	
		ші	ші	ңі	ші	ші	ңі	ші	ші	ңі	ші	ші	ңі	ші	ші	ңі	ші		ші		ңі	
		нд	нд	ші	нд	нд	ші	нд	нд	ші	нд	нд	ші	нд	нд	ші	нд		нд		ші	
		еж	еж	нд	еж	еж	нд	еж	еж	нд	еж	еж	нд	еж	еж	нд	еж		еж		нд	
		ог	рт	ет	ог	рт	ет	ог	рт	ет	ог	рт	ет	ог	рт	ет	ог		рт		ет	
		ар	аш	өм	ар	аш	өм	ар	аш	өм	ар	аш	өм	ар	аш	өм	ар		аш		өм	

		ыд ең ге я	ад ең ге я	ен де ңг ей	ыд ең ге я	ад ең ге я	ен де ңг ей	ыд ең ге я	ад ең ге я	ен де ңг ей	ыд ең ге я	ад ең ге я	ен де ңг ей	ыд ең ге я	ад ең ге я	ен де ңг ей	ыд ең ге я	ад ең ге я	ен де ңг ей			
Е рт е ж ас то б ы																	0	0	0	0	0	
Кі ші то п	4 9	3	18	28	1	16	32	0	17	32	1	16	32	1	21	27	1	2	18	3 6	30 6	6 2
О рт а ңг ы то п	9 3	42	41	10	34	43	16	39	41	13	40	41	12	45	39	9	40	4 3	41	4 4	12 4	1 3
Е ре се к то п	7 2	39	32	1	31	34	7	30	36	6	34	35	3	30	38	4	33	4 6	35	4 9	4 4	6
М ек те п ал ды то б ы	4 7	23	23	1	17	28	2	22	24	1	23	23	1	20	26	1	21	4 5	25	5 3	1	3
Б ар ла м ғ ы	2 6 1	10 7	11 4	40	83	12 1	57	91	11 8	52	98	11 5	48	96	12 4	41	95	3 4	11 8	4 5	48	2 1

Мониторинг нәтижелері бойынша педагогтермен әдістемелік кеңестер мен консультациялар өткізіліп, қолданылатын білім беру технологияларының тиімділігіне талдау жасалады. Ата-аналарға (заңды өкілдерге) балалардың даму нәтижелері туралы уақтылы ақпарат беріледі, үй жағдайында бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыру бойынша ұсынымдар ұсынылады. Сонымен қатар олар консультациялар мен жеке әңгімелесулерге қатысады.

Тәрбиеленушілердің жеке даму карталары жүйелі түрде жүргізіліп, мониторингтің әрбір кезеңінің қорытындысы бойынша уақтылы толтырылады. Карталар баланың даму динамикасын көрсетеді, оның жетістіктерін бақылауға, педагогикалық жұмыстың алдағы бағыттарын айқындауға және тәрбиеленушілерді сүйемелдеудегі сабақтастықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қорытынды: «Айналайын» сәбилер бақпасы» КМҚК-да бастапқы, аралық және қорытынды бақылауды өткізу, сондай-ақ жеке даму карталарын жүйелі түрде жүргізу әрбір тәрбиеленушінің жетістіктерін объектілі бағалауға, білім беру қажеттіліктерін уақтылы анықтауға, педагогикалық қызметті тиімді түзетуге және балалардың толыққанды, үйлесімді әрі табысты дамуына жағдай жасауға мүмкіндік береді.

7. Үлгілік қағидаларға сәйкес тәрбиеленушілерді ауыстыру және оқу жылының басына қарай жас топтарын қалыптастыру талаптарының сақталуы

«Айналайын» сәбилер бақпасы» КМҚК-де тәрбиеленушілерді ауыстыру және оқу жылының басына қарай жас топтарын қалыптастыру Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

Жаңа оқу жылына дайындық алдын ала жүргізіледі. Сәбилер бақпасының әкімшілігі тәрбиеленушілер контингентіне, балалардың жас құрамына, топтардың жинақталуына және бас орындардың болуына талдау жүргізеді. Талдау нәтижелері негізінде балаларды келесі жас тобына ауыстыру туралы тиісті ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттар шығарылады.

Тәрбиеленушілерді ауыстыру олардың жасын, қол жеткізген даму деңгейін және білім беру бағдарламасын меңгеруін ескере отырып жүзеге асырылады. Жас топтарын қалыптастыру топтардың нормативтік толықтырылуын, санитариялық қағидалардың талаптарын сақтай отырып және білім беру процесін сапалы ұйымдастыруға қажетті жағдайлар жасай отырып, белгіленген мерзімдерде жүргізіледі.

Топтарды жинақтау кезінде балалардың мектепке дейінгі білім алуға тең қолжетімділігі қамтамасыз етіледі, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың қажеттіліктері ескеріледі. Қажет болған жағдайда олардың табысты бейімделуі мен білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасалады.

Жаңадан қабылданған балалардың ата-аналары үшін бейімделу, баланың балабақшада болу режимі, білім беру процесін ұйымдастыру және педагогтермен оқу іс-қимыл жасау мәселелері бойынша консультациялар мен ұйымдастырушылық кездесулер өткізіледі. Балалардың мектепке дейінгі ұйым жағдайына табысты бейімделуі үшін қолайлы жағдай жасауға ерекше көңіл бөлінеді.

Сәбилер бақпасының әкімшілігі тәрбиеленушілерді ауыстыру және жас топтарын жинақтау кезінде белгіленген талаптардың сақталуына бақылау жүргізеді. Топтарды қалыптастыру барысында Үлгілік қағидалар талаптарының бұзылуы анықталған жоқ. Құжаттама уақтылы және толық көлемде жүргізіледі.

Қорытынды: «Айналайын» сәбилер бақпасы» КМҚК-де тәрбиеленушілерді ауыстыру және оқу жылының басына қарай жас топтарын қалыптастыру Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Топтарды жинақтау жас ерекшелігі қағидатының, нормативтік толықтырылудың және білім беру процесінің сабақтастығының сақталуын, сондай-ақ әрбір тәрбиеленушінің жан-жақты дамуына қолайлы жағдайлардың жасалуын қамтамасыз етеді.

8. Балалардың ата-аналарынан (өзге де заңды өкілдерін) тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту

Тәрбиеленушілердің ата-аналарынан (өзге де заңды өкілдерін) тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту жұмысы қызметтің басым бағыттарының бірі болып табылады және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыхалқы міндетті стандартына, Мектепке

дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына және балабақшаның жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Оқу жылы барысында ата-аналармен өзара іс-қимылдың әртүрлі нысандары өткізіледі: жалпы және топтық ата-аналар жиналыстары, жеке консультациялар, ашық есік күндері, ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер, шеберлік сыныптары, дөңгелек үстелдер, тренингтер, тақырыптық әңгімелер және семинар-практикумдар. Ата-аналар білім беру қызметіне, мерекелік іс-шараларға, спорттық жарыстарға, шығармашылық байқауларға, көрмелерге, экологиялық және қайырымдылық акцияларына, отбасылық жобалар мен тақырыптық апталықтарға белсенді түрде тартылады.

Ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігін арттыру мақсатында педагогтер бала тәрбиесі мен дамуы, денсаулығын нығайту, мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру, сөйлеу тілін дамыту, балаларды мектепке даярлау, эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз ету және қауіпсіз мінез-құлық мәселелері бойынша тұрақты түрде консультациялар өткізеді. Ақпараттар ақпараттық стендтерде, ата-аналар бұрыштарында орналастырылады, сондай-ақ заманауи байланыс құралдары арқылы ата-аналардың назарына жеткізіледі.

Тәрбиеленушілердің отбасыларымен жеке жұмыс жүргізуге ерекше көңіл бөлінеді. Педагогтер отбасылардың білім беру қажеттіліктерін зерделейді, консультациялық қолдау көрсетеді, ата-аналармен бірлесіп баланың даму бағыттарын айқындайды және оны тәрбиелеу мен оқытуға қатысты бірыңғай тәсілдерді қалыптастырады.

Ата-аналармен өзара іс-қимыл жасау олардың мектепке дейінгі ұйымның өміріне қызығушылығын арттыруға, педагогтер мен отбасылар арасындағы сенімді қарым-қатынасты нығайтуға, қолайлы эмоционалдық ахуал қалыптастыруға және отбасылық тәрбие мен мектепке дейінгі тәрбиенің сабақтастығын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Қорытынды: «Айналайын» сәбилер бақшасы» КМҚК-де тәрбиеленушілердің ата-аналарын (өзге де заңды өкілдерін) тәрбиелеу-білім беру процесіне тарту жұмысы жүйелі және тиімді түрде жүзеге асырылады. Отбасылардың сәбилер бақшасының өміріне белсенді қатысуы балалардың табысты дамуына, педагогтер мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға, білім беру процесінің сапасын арттыруға және әрбір баланың толыққанды тәрбиеленуі мен дамуына жағдай жасауға ықпал етеді.

Мектепке дейінгі ұйымның әдістемелік қызметі педагогтерді балалармен жұмыс істеудің әдістері мен тәсілдеріне практикалық тұрғыдан үйретуді ғана емес, сонымен қатар олардың заманауи әдістемелер жөніндегі білім деңгейін арттыруды, педагогика, балалар психологиясы мен анатомиясын зерделеуді қамтитын кешенді әрі шығармашылық жұмыс ретінде ұйымдастырылған. Әдістемелік қызметтің жетекшісі, әдіскер А. М. Алиаскарова тәрбиешілер мен мамандарға өздігінен білім алу бағытында тікелей көмек көрсетеді.

Осылайша, мектепке дейінгі ұйымда ұжымның зияткерлік және инновациялық әлеуетін дамыту үшін жасалған жағдайлар тәрбиелеу-білім беру процесінің тұтастығын толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл жағдайлар баланың жас ерекшеліктері мен қазіргі қоғам талаптарына сәйкес келетін деңгейде әмбебап қабілеттерін қалыптастыра отырып, оның жан-жақты әрі толыққанды дамуына кепілдік береді және барлық балалар үшін дамудың тең бастапқы мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету

1. Мектепке дейінгі ұйымдардағы жабдықтар мен жиһаздардың Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен бекітілген жарактандыру нормаларына сәйкестігі

Мектепке дейінгі ұйымда Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын іске асыруды қамтамасыз ететін заманауи зияттық-дамытушы орта құрылған.

Мекеменің жиһазбен, ойын, оқу, спорттық, музыкалық, әдістемелік және техникалық жабдықтармен жарактандырылуы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарактандыру нормаларының талаптарына сәйкес келеді (қолданыстағы өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып).

Барлық жас топтарында:

- тәрбиеленушілердің бой көрсеткіштеріне сәйкес келетін балалар жиһазы;
- ойын орталықтары (сюжеттік-рольдік ойындар, құрастыру, театрландыру, көркем шығармашылық, кітап, танымдық-зерттеу қызметі);
- дидактикалық, үстел үеті-баспа және дамытушы ойындар;
- сенсорлық дамытуға, сөйлеулі дамытуға, қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыруға арналған материалдар;
- қимыл-қозғалыс белсенділігі мен дене дамуына арналған жабдықтар;
- көрнекі және демонстрациялық материалдар бар.

Мамандандырылған үй-жайлар жұмыс істейді:

- әдістемелік кабинет;
- педагог-психолог кабинеті;
- логопед кабинеті;
- музыка залы;
- 2 спорт залы;
- медициналық кабинет;
- ас блогы;
- кір жуатын бөлме;
- шатыр сәулеттік нысандармен және ойын жабдықтарымен жаратандырылған серуендеу алаңдары.

Заманауи білім беру технологияларын іске асыру үшін:

- компьютерлік техника;
- ноутбуктер;
- мультимедиялық жабдықтар;
- принтерлер мен көпфункционалды құрылғылар;
- интерактивті жабдықтар (10 топта, әдістемелік кабинетте және музыка залында интерактивті тақталар);
- «Игрёнок» балалар ойын терминалы (интерактивті ойын технологияларын қолдануға арналған. Кабинет жұмысының негізгі мақсаты – ойын әрекеті арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігін, логикалық ойлауын, зейінін, есте сақтау қабілетін, сөйлеуін, шығармашылық қабілеттері мен коммуникативтік дағдыларын дамыту);
- Интернет желісіне қолжетімділік пайдаланылады.

Мектепке дейінгі ұйымда қауіпсіздік талаптары сақталады:

- жиһаздар мен жабдықтар жарамды күйде;
- жабдықтар санитариялық-гигиеналық талаптарға сәйкес келеді;
- жабдықтардың техникалық жағдайына тұрақты бақылау жүргізіледі;
- материалдық-техникалық база уақтылы жаңартылып, толықтырылып отырады.

Қорытынды

Сәбилер бақша педагогтері заттық-дамытушы ортамы интеграция кандидатын ескере отырып ұйымдастырған. Барлық жас топтарының кеңістігінде балалардың қызығушылықтарын толық қамтитын ойын және тақырыптық аймақтар шартты түрде бөлінген. Бұрындардың жабдыкталуы білім беру процесінің тақырыптық жоспарлануына сәйкес өзгертіліп отырады. Заттық-дамытушы орта қауіпсіз әрі жайлы, әр баланың қызығушылықтарына, қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес келеді. Топ бөлмелеріндегі барлық кеңістік балаларға қолжетімді: ойыншықтар, дидактикалық материалдар мен ойындар олардың еркін пайдалануына берілген.

Музыка залында музыка сабақтарын өткізуге арналған әртүрлі жабдықтар бар: пианино, ұлттық музыкалық аспаптардың 8 түрі, інекті, ұрмалы, шулы және клавишті аспаптар, 2 музыка орталығы, костюмдер бөлмесі, аудиофонотека, бейнекор, микрофон, театрландырылған іс-әрекетке арналған атрибуттар, көрнекі және үлестірімелі дидактикалық материалдар.

Дене шынықтыру залында спорттық инвентарлар, гимнастикалық орындықтар, қыры тастайлар, биіктікке секіруге арналған тіректер, асынап секікстен отуға арналған әртүрлі өлшемдегі доғалар, түрлі диаметрдегі доңғалар, секірткіштер, гимнастикалық таяқшалар, секірімелі доңғалар, жұмсақ модульдер, матадан жасалған туннель, құрсаулар, дақтыруға арналған қаппықтар, қимылды

және баяу қимылды ойындарға, танертеңгі гимнастиканы өткізуге арналған атрибуттар және т.б. бар.

Топ бөлмелері балалардың жас еркінеліктері мен топтардың тізімдік құрамына сәйкес жиһат жиһантықтарымен жабдықталған: үстелдер мен орындар, ойын модульдері (асүй, шаңтараз, дүкен, табиғат бұрыны, кітап бұрыны, шығармашылық бұрыны), кереуеттер, қабылдау бөлмелеріндегі киім ауыстыруға арналған жеке шкафтар, осыныстарға арналған үстелдер, үлестірімелі және көрнекі материалдарлы, жеке заттары сақтауға арналған жиһандар. Сонымен қатар буфет бөлмесі мен санитариялық тораңа арналған жиһандар бар.

Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық жабдығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығының талаптарына сәйкес келеді. Жасалған жағдайлар тәрбиеленушілердің қауіпсіз болуын қамтамасыз етеді, білім беру бағдарламасын сапалы іске асыруға және дамытуын шаттық-көңілділік ортаны ұйымдастыруға ықпал етеді.

Растайтын құжаттар:

1. Топтар мен кабинеттер бойынша жабдықтар мен жиһандардың тізбесі.
2. Түгендеу ведомостері.
3. Топ бөлмелері мен мамандандырылған кабинеттердің фотоматериалдары.
4. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасының паспорты.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығына сәйкес бейнебақылау жүйесінің болуы және қауіпсіздік талаптарының сақталуы

Сәбилер бақшада Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығына сәйкес қауіпсіздік талаптарының сақталуы қамтамасыз етілген.

Ұйымда 2025 жылғы 31 желтоқсанда нысанның жапарылған терроризмге қарсы қорғалу паспорты әзірленіп, бекітілген. Тәрбиеленушілердің, қызметкерлердің және келушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бейнебақылау жүйесі жұмыс істейді. Бейнебақылау жүйесіне техникалық қызмет көрсету туралы шарт жасалған. Бейнесигнал арнайы байланыс арнасы арқылы Желел басқару орталығына (ЖБӨ) беріледі, бұл тәулік бойы бақылау жүргізуге және ықтимал төтенше жағдайларға желел әрекет етуге мүмкіндік береді.

Сәбилер бақшада дабыл түймесі орнатылған, оған техникалық қызмет көрсету және мамандандырылған күзет ұйымының желел әрекет етуі бойынша шарт жасалған.

Ғимаратқа кіруді бақылау мақсатында домофондық байланыс жүйесі жұмыс істейді. Бұл жүйе бөгде адамдардың мектепке дейінгі ұйымның аумағы мен үй-жайларына кіруін шектеуге мүмкіндік береді.

Нысанды күзету мамандандырылған күзет ұйымымен жасалған шарт негізінде жүзеге асырылады. Шарт талаптарына сәйкес мектепке дейінгі ұйымда күзету күн сайын сағат 07:00-ден 19:00-ге дейін қамтамасыз етіледі. Бұл өткізу режимінің сақталуына, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге, сондай-ақ тәрбиеленушілердің, қызметкерлердің және келушілердің қауіпсіздігін қорғауға ықпал етеді.

Осылайша, мектепке дейінгі ұйымда терроризмге қарсы қорғануды қамтамасыз ету, тәрбиеленушілер мен қызметкерлердің қауіпсіз болуы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтау үшін қажетті жағдайлар жасалған.

Оқу-әдістемелік және ақпараттық ресурстар

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына сәйкес мектепалды даярлықтан үлгілік оқу бағдарламасын іске асыратын білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің болуы

Мектепке дейінгі ұйымда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына сәйкес мектепалды даярлық тобында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруға арналған оқу-әдістемелік кешендердің (ОӘК) болуы қамтамасыз етілген.

Білім беру процесі Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің ұсынған оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендердің қолданыстағы тізбесіне енгізілген оқу-әдістемелік кешендерді пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Балабақшада мыналар бар:

- педагогтерге арналған оқу-әдістемелік құралдар;
- жұмыс дәптерлері;
- демонстрациялық және үлестірімелі материалдар;
- дидактикалық құралдар;
- электрондық білім беру ресурстары.

Оқу-әдістемелік кешендер Үлгілік оқу бағдарламасының мынадай бағыттарын іске асыруды қамтамасыз етеді:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру.

Педагогтер оқу-әдістемелік кешендерді жоспарлауға және тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес пайдаланады. Қолданылатын барлық оқу және әдістемелік материалдар білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен қолданыстағы тізбеге сәйкес келеді.

Қорытынды

Мектепке дейінгі ұйым мектепалды даярлықтың Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруға қажетті оқу-әдістемелік кешендермен толық қамтамасыз етілген. Қолданылатын оқу-әдістемелік кешендер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығының талаптарына сәйкес келеді және білім беру процесін сапалы ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

Растайтын құжаттар:

1. Қолда бар оқу-әдістемелік кешендердің тізбесі.
2. Мектепалды даярлыққа арналған оқу құралдарының тізімі.
3. Кітапхана қорының түгендеу ведомосі (бар болған жағдайда).
4. Оқу-әдістемелік кабинеттің фотоматериалдары.
5. Білім беру процесінде оқу-әдістемелік кешендерді пайдалану туралы бұйрық.

2. Жабдықтау нормаларына сәйкес тәрбиеленушілердің коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық, қимыл-қозғалыс және әлеуметтік дағдыларын дамытуды қамтамасыз ететін оқу және ойын материалдарының болуы

Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларына сәйкес дамытушы заттық-кеңістіктік орта құрылған (қолданыстағы өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып).

Барлық жас топтарында балалардың жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін белсенділік орталықтары жұмыс істейді. Олар тәрбиеленушілердің еркін пайдалануына қолжетімді оқу, ойын және дидактикалық материалдармен жабдықталған және ұйымдастырылған іс-әрекетте әрі дербес ойын барысында қолданылады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін көркем әдебиеттер, альбомдар, сюжеттік және заттық суреттер, үстел үсті театрлары, саусақ театрлары, сөйлеуді дамытуға арналған жинақтар, сөйлеу және коммуникативтік ойындардың картотекалары бар.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту үшін дидактикалық ойындар, құрастырғыштар, пазлдар, мозаикалар, логикалық ойындар, математикалық материалдар, тәжірибелік-эксперименттік іс-әрекетке арналған жинақтар, табиғи материалдар, демонстрациялық құралдар, глобустар, карталар, сондай-ақ заманауи интерактивті жабдықтар, оның ішінде «Игрёнок» балалар ойын терминалы (болған жағдайда) пайдаланылады.

Шығармашылық қабілеттерді дамыту үшін сурет салуға, мүсіндеуге, жапсыруға, құрастыруға арналған материалдармен, музыкалық аспаптармен, театрлық атрибуттармен, костюмдермен және

көркемдік іс-әрекеттің әртүрлі түрлеріне арналған материалдармен қамтамасыз етілген шығармашылық орталықтары жабдықталған.

Қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту үшін доптар, құрсаулар, секіргіштер, гимнастикалық таяқшалар, кегльдер, массаж төсеніштері, спорттық модульдер, қимылды ойындарға арналған жабдықтар, дене шынықтыру құрал-жабдықтары, сондай-ақ серуендеу алаңдарының жабдықтары пайдаланылады.

Әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру үшін сюжеттік-рольдік ойын орталықтары («Отбасы», «Дүкен», «Аурухана», «Шаштараз», «Мектеп» және басқалары), қауіпсіздік, патриоттық тәрбие, табиғат, еңбек тәрбиесі және қаржылық сауаттылық бұрыштары құрылған.

Оқу және ойын материалдары жүйелі түрде жаңартылып отырады, санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келеді, қолдануға қауіпсіз және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының барлық білім беру бағыттарының іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Қорытынды: Материалдық-техникалық қамтамасыз етуді талдау мектепке дейінгі ұйымда сапалы білім беру процесін ұйымдастыруға қажетті оқу және ойын материалдарының жеткілікті мөлшерде бар екенін көрсетті. Жабдықтың Жабдықтау нормаларының талаптарына сәйкес келеді және тәрбиеленушілердің коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық, қимыл-қозғалыс және әлеуметтік дағдыларын дамытуға жағдай жасайды.

Растайтын құжаттар:

1. Оқу және ойын материалдарының тізбесі;
2. Белсенділік орталықтарының фотосуреттері;
3. Түгендеу ведомостері.

3. Тәрбиелеу-білім беру процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен қамтамасыз етілуі және оларды пайдалану

Мектепке дейінгі ұйымда білім беру қызметінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) тиімді пайдалану үшін қажетті жағдайлар жасалған. Мекеменің цифрлық оқыту құралдарымен жабдықтауы тәрбиелеу-білім беру процесінің сапасын арттыруға, педагогтердің кәсіби құзыреттерін дамытуға және заманауи дамытушы білім беру ортасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Білім беру процесін ұйымдастыру үшін:

- дербес компьютерлер мен ноутбуктер;
- интерактивті тақталар (10 топта);
- принтерлер мен көпфункционалды құрылғылар;
- теледидарлар (әр топта);
- «Игрёнок» балалар ойын терминалдары (12 терминал);
- аудиоаппаратура;
- Интернет желісіне тұрақты қолжетімділік пайдаланылады.

Педагогтер ақпараттық-коммуникациялық технологияларды:

- тәрбиеленушілердің ұйымдастырылған іс-әрекетін өткізу кезінде;
- дамытушы, дидактикалық және интерактивті ойындарды ұйымдастыру барысында;
- презентацияларды, бейнематериалдар мен электрондық білім беру ресурстарын көрсету кезінде;
- жобалар мен зерттеу қызметін жүзеге асыру барысында;
- музыкалық және дене шынықтыру іс-әрекеттерін өткізу кезінде;
- ата-аналармен қашықтан өзара іс-қимылды ұйымдастыруда (ата-аналар чаттары, онлайн-консультациялар, ақпараттық хабарламалар);
- әдістемелік материалдарды дайындау, жоспарлау және құжаттаманы жүргізу кезінде қолданады.

АКТ-ны пайдалану тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктерін ескере отырып, олардың танымдық белсенділігін, коммуникативтік дағдыларын, логикалық ойлауын, шығармашылық қабілеттерін, зерттеушілік қызығушылығын және цифрлық мәдениетін дамытуға ықпал етеді.

Педагог қызметкерлер цифрлық құзыреттілік деңгейін жүйелі түрде арттырып, кәсіби қызметінде заманауи білім беру платформаларын, электрондық білім беру ресурстары мен цифрлық құралдарды қолданады.

Мекеменің материалдық-техникалық базасы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және мектепке дейінгі ұйымдарды жабдықтау нормаларының талаптарына сәйкес ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға мүмкіндік береді.

Қорытынды: Мектепке дейінгі ұйым қажетті ақпараттық-коммуникациялық құралдармен қамтамасыз етілген. АКТ-ны пайдалану тәрбиелеу-білім беру процесінің ажырамас бөлігі болып табылады, білім сапасын арттыруға, заманауи білім беру ортасын құруға және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын табысты іске асыруға ықпал етеді.

Растайтын құжаттар:

1. Компьютерлік және мультимедиялық техника тізбесі.
2. Түгендеу ведомостері.
3. Білім беру процесінде АКТ-ны пайдалануды растайтын фотоматериалдар.

4. Ресми интернет-ресурстың және edu.kz аймағындағы домендік атаудың болуы Мектепке дейінгі ұйымның <https://ainalaiyn.bilimaksu.edu.kz/> ресми интернет-ресурсы бар. Интернет-ресурс тұрақты жұмыс істейді және Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілеріне қойылатын заңнама талаптарына сәйкес келеді.

Ресми интернет-ресурста мектепке дейінгі ұйымның қызметі туралы өзекті ақпарат орналастырылады, оның ішінде:

- ұйым туралы жалпы мәліметтер;
- құрылтай және рұқсат беру құжаттары;
- басшы және педагог қызметкерлер туралы мәліметтер;
- білім беру бағдарламасы және тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы ақпарат;
- жылдық жұмыс жоспары;
- жаңалықтар мен хабарландырулар;
- ата-аналарға арналған ақпарат;
- тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі материалдар;
- өзін-өзі бағалау нәтижелері және заңнамада көзделген өзге де құжаттар.

Ресми интернет-ресурстағы ақпарат жүйелі түрде жаңартылып отырады, шынайы, толық және барлық пайдаланушылар үшін қолжетімді болып табылады. Өзін-өзі бағалау материалдары білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу қағидаларында белгіленген мерзімдерде ресми интернет-ресурста орналастырылады.

Қорытынды: Мектепке дейінгі ұйымның ресми интернет-ресурсы тұрақты жұмыс істейді, домендік атауы edu.kz аймағында тіркелген. Сайттың мазмұны Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келеді және ұйым қызметі туралы ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Растайтын құжаттар:

1. Ресми сайттың мекенжайы (edu.kz домені).
2. Сайттың басты беті мен негізгі бөлімдерінің скриншоттары.
3. Өзін-өзі бағалау материалдары орналастырылған бөлімнің скриншоты.

Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары

1. Қоғамның заманауи талаптарына сай келетін кәсіпорынның материалдық-техникалық базасын нығайту;
2. Білім беру онлайн-платформасындағы интернет-ресурстарды жетілдіру;
3. Коучинг-сессиялар мен шеберлік сабақтары арқылы педагогтердің психологиялық-педагогикалық білімін жетілдіруді қамтамасыз ету;
4. Ата-аналардың тәрбиелік әлеуеті мен педагогикалық мәдениетін арттыру мақсатында білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды күшейту;
5. Тиімді педагогикалық технологияларды, оның ішінде жасанды интеллектіні (ЖИ) пайдалану.

Қорытындылар мен ұсыныстар

«Айналайын» сәбилер бақпасы» КМҚК қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша білім беру қызметінің нормативтік талаптарға, мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарға және мектепке дейінгі білім беруді дамытудың негізгі бағыттарына сәйкес жүзеге асырылатыны анықталды.

Білім беру, тәрбиелеу және сауықтыру үдерістерін ұйымдастыру үшін қажетті жағдайлар жасалған. Тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау қамтамасыз етіліп, санитариялық-гигиеналық талаптар мен қауіпсіздік талаптары сақталады. Білім беру үдерісі балалардың жас және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып ұйымдастырылған. Педагогтер балалар іс-әрекетін ұйымдастырудың ойын, танымдық, коммуникативтік, зерттеушілік, шығармашылық және қимыл-қимылды саяхатты әртүрлі нысандары мен әдістерін қолданады.

Тәрбиеленушілердің білім беру бағдарламасының мазмұнын меңгеруінде оң динамика байқалады. Мониторинг қорытындылары бойынша тәрбиеленушілер дамуының қажетті деңгейі қамтамасыз етіліп, балалардың жеке білім беру қажеттіліктері анықталады және алдағы педагогикалық жұмыс жоспарланады.

Тәрбиеленушілерге, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау ұйымдастырылған. Тәрбиешілердің, педагог-психологтің, логопед-мүғалімнің және басқа да мамандардың өзара іс-қимылы жүзеге асырылады.

Педагогикалық ұжымның кәсіби дағдылар деңгейі таланып сай. Педагогтер біліктілікті арттыру курстарына, әдістемелік іс-шараларға, семинарларға, кәсіби байқауларға және педагогикалық тәжірибе алмасуға қатысады.

Тәрбиеленушілердің ата-аналарымен өзара іс-қимыл жасауға қажетті жағдайлар жасалған. Ата-аналардың педагогикалық құзыреттілігін арттыруға және отбасы мен мектепке дейінгі ұйым арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған ата-аналар жиналыстары, консультациялар, сауалнамалар, бірлескен жобалар және «Аналар, әкелер, әкелер мектебі» іс-шаралары өткізіледі.

Сонымен қатар, өзін-өзі бағалау барысында одан әрі жетілдіруді талап ететін жекедеген бағыттар анықталды: тәрбиеленушілердің сойысу тілін дамыту сапасын арттыру, интерактивті және инновациялық педагогикалық технологияларды белсенді қолдану, білім беру үдерісінде цифрлық ресурстар мен жасанды интеллектті пайдалану аясын кеңейту, заттық-дамытушы ортаны одан әрі жетілдіру және білім беру қызметін дараландыру тиімділігін арттыру.

Жалпы алғанда, «Айналайын» сәбилер бақпасы» КМҚК қызметі сапалы мектепке дейінгі білім беруді қамтамасыз етуге, қауіпсіз әрі дамытушы ортаны қамтамасыз етуге, әрбір баланың жеке әлеуетін ашуға және педагогикалық ұжымның кәсіби деңгейін арттыруға бағытталған.

Шешім:

- Мектепке дейінгі ұйым қызметінің белгіленген талыптарға сәйкестігін қамтамасыз ету және білім беру процесінің сапасын арттыру бойынша жұмысты жалғастыру.
- Тәрбиеленушілердің жас, жеке және білім алу қажеттіліктерін ескере отырып, заттық-дамытушы ортаны жетілдіру.
- Балалардың жас ерекшеліктері мен ақпараттық қауіпсіздік талаптарын ескере отырып, педагогтердің заманауи цифрлық білім беру ресурстары мен жасанды интеллект құралдарын жүйелі қолдануын қамтамасыз ету.
- Диагностика және мониторинг нәтижелері негізінде тәрбиеленушілерге, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға жеке тастау қолдануын жетілдіруді жалғастыру. Балаларды психологиялық-педагогикалық үйіметтегі ақпаратты ата-аналардың, тәрбиешілердің, педагог-психологтің, логопед-мүғалімнің және басқа да мамандардың өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.
- Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін біліктілікті арттыру курстары, семинарлар, практикумдар, тәлімгерлік, өзара сабақтарға қатысу және тиімді педагогикалық тәжірибені тарату арқылы арттыру жұмыстарын жалғастыру.
- Нәтижелерді кейіннен талдау және анықталған кемшіліктерді жою бойынша нақты шараларды белгілеу арқылы білім беру процесінің сапасын ішкі бағалау және мониторингтеу жүйесін жетілдіру.

- Ата-аналарды балабақшаның білім беру, шығармашылық, сауықтыру және жобалық іс-шараларына тарта отырып, олармен ынтымақтастық нысанларын кеңейту.
- Материалдық-техникалық базаны нығайту және топтарды тиімдірек ойын, дамытушы, цифрлық және дидактикалық материалдармен жабдықтау жұмыстарын жалғастыру.
- Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және нығайту, қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту, қауіпсіз әрі салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмысты қамтамасыз ету.
- Өзін-өзі бағалау нәтижелерін мектепке дейінгі ұйымның жылдық жұмыс жоспарын және әдістемелік жұмысты түзету, сондай-ақ білім беру қызметінің сапасын арттыру жөніндегі іс-шараларды жоспарлау кезінде пайдалану.

Қорытынды:

Мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша «Айналайын» сәбилер бақшасы» КМҚК қызметі Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының, Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына жабдықтау нормаларының талаптарына сәйкес жүзеге асырылатыны анықталды.

Мектепке дейінгі ұйым Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының іске асырылуын қамтамасыз етеді. Тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту және дамыту үшін қажетті жағдайлар жасалған, балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес келетін заманауи дамытушы заттық-кеңістіктік орта жұмыс істейді.

Материалдық-техникалық база, оқу-әдістемелік қамтамасыз ету, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, сондай-ақ тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғауға арналған жағдайлар жалпы аяғында белгіленген талаптарға сәйкес келеді.

Ресми интернет-ресурс edu.kz домендік аймағында жұмыс істейді және ұйым қызметі туралы ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Материалдық-техникалық базаны одан әрі жетілдіру, заманауи білім беру технологияларын қолдану аясын кеңейту, оқу-әдістемелік ресурстарды жаңарту және цифрлық білім беру ортасын дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыру ұсынылады.

Өзін-өзі бағалау қорытындысы бойынша мектепке дейінгі ұйымның қызметі белгіленген талаптарға сәйкес келеді деп танылды.

«Айналайын» сәбилер бақшасы» КМҚК басшысы  Досталова

